

«Айгөлек» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ойыл ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

**Көптоғай ауылы
2022 жыл**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бойынша
өзін-өзі бағалау өткізу нәтижелерінің
АНЫҚТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 54 бабы 4 тармағына «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысы Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департамент басшысының 2022 жыл 23-қаңтар № 17-12-04-6/53 бұйрығы негізінде 2022жылдың 24-ақпаны мен 28- ақпан аралығында «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны өзін-өзі бағалауды өткізді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Өзін-өзі бағалау кезінде тексеріліп сарапталды:

1. Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы;
2. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары
3. Білікті қызметкерлердің болуы;
4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
6. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау. «Бағдарлама» салалары бойынша балалардың білім деңгейінің диагностикасы;
7. Ата-аналармен өткізген сауалнама қорытындысы.
8. Өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау.

1. Мекеменің жалпы сипаттамасы:

Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Занды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, индекс 030906, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай ауылдық округі, Көптоғай ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 18 үй.

Занды тұлғаның байланыс деректері: Тел/факс: 8(713 32)74-5-92 Эл. поштасы: meiramgul.omaarova@mail.ru

Занды тұлға өкілінің байланыс деректері: Омарова Мейрамгул Бактығалиқызы 29.06.2007 жылы Ойыл аудандық білім бөлімі басшысының № 57 §1 бұйрығымен тағайындалған.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:

Ұйымының Жарғысы – Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсанының №490 қаулысымен бекітілген; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ойыл ауданының бөлімімен заңды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеу 2021 жылғы 14 қаңтарда жүргізілген.

Бөбекжай-бақшасының Жарғысында -оқыту тәрбиелеу ісі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты негізінде жасалған оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылуы және білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі, білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі, тәрбиеленушілерді бөбекжай-бақшасында орынының сақталуы мен шығару негіздерін және тәртібін, білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі басшылыққа алынған.

Занды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БИН 070540006356, 14.01.2021 жылғы № 27-1904-14-МК берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні- 15.05.2007 жыл.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы «30» желтоқсандағы №490 қаулысының негізінде қайта құрылды.

Рұқсат беру құжаттары: Білім беру қызметін жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ51RVK00026438

Берілген күні: 18.01.2021 жыл.

2.2. 2017-2021 -2022 оқу жылдарындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері:

2017-2018 оқу жылы, 2018-2019 оқу жылы, 2019-2020 оқу жылы және 2021-2022 оқу жылы бойынша ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің кестесін құруда балалардың жас ерекшеліктері, оқу әрекетінің мазмұны есепке алынған. Оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бөбекжай-бақшасы меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан. Инвариативті және вариативті оқу қызметінде ауытқушылықтар жоқ. Оқыту және тәрбиелеу – мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Жас ерекшеліктері ескеріле отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша топтар жинақталуы қалыптасқан. Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысы), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес», "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқығудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (мемлекеттік нормативтік құқықтық

актілерді тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - үлгілік оқу жоспарлары) сәйкес оқу жоспарлары жүзеге асырылған.

2.3. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар: Оқу-тәрбие үрдісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысы), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес, "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - үлгілік оқу жоспарлары), "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі - үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнымен анықталған білім беру міндеттерін табысты іске асыруға ықпал ететін, кіріктіре оқыту идеялары бүгінгі күні өзекті болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында бөбекжай-бақшасы білім беру процесіне «өтпелі тақырыптар» негізде перспективалық жоспар құрды.

Бағаланатын оқу жылдары бойынша:

«Денсаулық» білім саласы бойынша: «Денсаулық» білім саласы бойынша: Тәрбиешілер Қ.Жами.А.Жайықова.А.Шойынова.Б.Акерке ұйымдастырып,менгерткен «Қонжыққа қонаққа», « Дені саулық жаны сау» , «Велосепид тебеміз», «Біз көңілді баламыз», «Біз спортшымыз», « Орманға саяхат» т.б тақырыбындағы оқу қызметтері бала қызығушылығын тудырды. Сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған.Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-танертенгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді:күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар,тыныс алу жаттығулары,төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес сала бойынша кешендер ,ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады.Денешынықтыру бойынша оқу дағдыларын меңгертті. Тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыруды балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру салаларының («Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етілді.

«Таным» білім беру саласы бойынша топ тәрбиешілері «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру», «Балабақшаға баратын жол» тақырыбында , тәрбиеші А.Жайықова «Алыс-жақын», «Геометриялық пішіндері», «Сықырлы дәрумендер», «Қысқы табиғат», « Қазақтың ұлттық тағамдары», «Менің отбасым», «» тақырыптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балалардың ойлау,ажырату дағдылары қалыптастыра отырып,маман қойған мақсаттарына кері байланыс алу арқылы жете білді. Балалар мен

педагогтың арасындағы өзара байланысы өте тиімді әрі тәрбиелік мәні болды. Балалардың іс- әрекеттері, орындаған тапсырмасы сөйлеу, санау, ажырау арқылы жетік жеткізілді ұйымдастырылған оқу қызметін өткізіп, пішіндер, алыс-жақын ұғымдарын математикалық пішіндер арқылы таныстырып, қортынды нәтижеге жетті. Жеке-топтық жұмыстарды да ұйымдастыра алды.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша топ тәрбиешілері «Сөйлеуді дамыту» бөлімі бойынша «Қысқы табиғат» «Менің Отаным», «Жемістер жыры», «Дәрумендер», «Менің достарым», « Мен кімін», «Ауылға саяхат», «Қонжық бізде қонақта», «Дружба» тақырыптарындағы ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізіп, тәрбиеленушілерге қарақала, шаңғы, т.б жыл мезгілінде қолданылатын сөздермен сөз қорларын, сөйлеуін дамытты, өленді жалғасытыру арқылы баланың сыни ойлау мен сөзшешендігіне дағдыландырды.

Суреттерді, заттарды қарау, жанды және жансыз табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу, өзіне таныс ертегілерді сахналауға және драмалық қойылымға қызығушылығы мен ынтасы сияқты оқу дағдыларын қалыптастырды.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша оқу жылдары топ тәрбиешілері мен музыка жетекшісінің ашық көрсетілімдер мен ұйымдастырылған оқу қызметтері, балалардың қызығушылығын қанағаттандырды. Бұл сабақтарда балалар жеке және топтық жұмыстарды жасауда белсенділік танытты. Мамандар күтілетін нәтижелеріне жетті.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша топ тәрбиешілері «Тәуелсіз елім-Қазақстан», «Мөлдір су», «Күн сәулесі», «Баққа саяхат», «Ауа қайда тығылады», «Орман тұрғындары» т.б ұйымдастырылған оқу қызметтерінде тәжірибе сағаттарын өткізіп, бала қажеттілігін қанағаттандырды. Балаларды қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуді, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасы мен құрбыларына жақындық сезімін, оларға құрметпен қарауды, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуге баулыды. Вариативтік компоненттік бағдарламасы әр оқу жылы бойынша бала қызуғушылығына негізделе отырып жоспарланған.

2017-2018 оқу жылы бойынша вариатив компоненті «Балапан» тобында «3 жас) - 1 сағат « Адамгершілік әліппесі»вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді.

2018-2019 оқу жылы бойынша вариатив компоненті «Ойнайық та, ойнайық» тобында «3 жас) - 1 сағат вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді

2019-2020 оқу жылы бойынша вариатив компоненті «Ботақан» тобында «3 жас) - 1 сағат «Ойнайықта, ойнайық»вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді.

2020-2021 оқу жылы бойынша вариатив компоненті «Балапан» тобында «3 жас) - 1 сағат «Кшкентай суретшілер»вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді.

2021-2022 оқу жылы бойынша вариатив компоненті «Ботақан» тобында «3 жас) - 1 сағат «Ертегілер елінде»вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді.

Тұңғыш Президент күніне орай іс-шаралар жоспары жасалынып, «Елбасы еңбектері» кітаптар көрмесі өтті. Тәрбиеленушілерге Елбасы туралы мәліметтер беріліп, Елбасының өмір жолымен таныстырылды. «Туған елім-Қазақстан» тақырыптарында ұйымдастырылған

оқу қызметі барлық жылдар бойынша жоспарлы өткізіліп, мерекелік ертеңгіліктер, мерекелік сағаттар ұйымдастырылған. Балалар Елбасы туралы мәліметтерді жетік меңгерген.

Барлық оқу жылы бойынша ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады. Мысалы: «Қариялар күні» мерекесіне орай «Қарттарым, қазынам» атты, «Алтын күз» мерекесі қарсаңында «Күз керемет» атты табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылып, ата-аналар табиғи материалдан жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастырылады. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ата-аналардың қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстан!» атты суреттер көрмесі өтті. Көрмеге барлық топтың ата-аналары белсенді қатысты.

«Тәуелсіздікке игі іспен» атталық, «Шынықсаң шымыр боларсың» денсаулық күні, «Өнерлі бүлдіршін» атталық «Екі жұлдыз» байқау, «Денсаулық еліне саяхат» денсаулық күні «Бақшамен қоштасу» сағаттары өткізілген.

«Баланың тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар» атты жылжымалы папка, «Менің отбасыммен демалысым» - фотокөрме, «Балаларды қалай жақсы көру керек?» ата-аналар үшін қарым-қатынас сабағы, практикалық ұсыныстар психолог кеңесі, «Мектепке барамын» тақырыбында ата-аналарды, психолог, бастауыш сынып мұғалімдерін қатыстыру негізінде ашық есік күні, «Іш-асказан ауруларының профилактикасы» медбике кеңесі, «Отбасында баланы еңбекке баулу» кеңес, «Дені сау болып өсемін!» Тағамдық қоспалар мен дәрумендер», «Егу не үшін қажет?» медбике кеңесі, «Жол тәртібін білейік, Аман есен жүрейік!»-жылжымалы папка, «Құстарға қамқорлық» табиғи материалдардан көрме, жас ата-аналарға кеңес: "Сөйлеп үйренемін", «Ата-ана балаңыз мектепке дайын ба?» атты сауалнама, «Ертегілер әлемі» кітаптар көрмелері ұйымдастырылды. Психолог педагогикалық ұйымның қызметіне негізгі психологиялық идеяны – әр бала тұлғасының үйлесімді даму мүмкіндігін енгізіп, оның тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асуына ықпал етті. Бөбекжай-бақшасында психологиялық қызметінің негізгі міндеті балалардың дауы, психологиялық қолдау көмегін көрсету үшін психологиялық жағдай жасау болып табылды. Психодиагностиканың негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуы мен толыққанды дамуына кедергі келтіретін жағдайларды анықтау. Зерттеулер жас ерекшеліктеріне сәйкес сапалы, бала тұлғасына білім беру ортасына әсері нәтижелерінің диагностикасына негізделген. Диагностикалық зерттеулер қабылданған шаралардың нәтижелілігін қадағалау мақсатында түзетуші-дамытушы жұмыстар жүргізілгеннен кейін де өткізілді. Оқу жылының басында келесі мінез-құлық (даму) белгілері бойынша зерттелген, мектеп жасына дейінгі баланың даму ерекшелігін бағалау жүргізілді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағыларды зерттеу картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар, 5 білім беру саласы: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» салалары бойынша әр түрлі жастағы топтарда жүйелендірілген дидактикалық материалдар қолданылған. Балаларды бақылау әңгілелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асырылған. Тексеру нәтижелеріне өтпелі тақырыптық есеппен қорытынды жасалады және одан әрі жұмыс істеу үшін түзетулер енгізілген. Жалпы топ бойынша: бақылау жұмыстары «Суреттерді есте сақтау» жад (зерде), «Бір сөзбен ата» ойлау, «Төртіншісі артық» ойлау, «Мектептегі оқуға қаблетін зерттеу» қабылдау, «Айырмашылықты тап» зейін.

Түзету-дамытушылық: «Ойыншықтар» ойлау, «Бір, екі, үш» ойлауды дамытуға арналған ойын, «Сандар», «Аяқталмаған суреттер» қабылдау, «Пішіндерді орындарына қой» сенсорика, «Маған қарай жүгіріндер» сенсорика, «Машиналарды гаражға қой» ойын, «Күм терапиясы» ұсақ қол моторикасын, ойлау қаблетін дамыту бойынша педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілген.

2.6.Тәрбиеленушілер контингенті

Тәрбиеленушілер контингенті:

2017-2022 оқу жылдарындағы балалардың жалпы саны:

Оқу жылы	Балалардың жалпы саны
2017-2018 о.ж	50
2018-2019 о.ж	45
2019-2020 о.ж	42
2020-2021 о.ж	40
2021-2022 о.ж	35

Тәрбиеленуші отбасының әлеуметтік статусы:

Оқу жылдары	Жалпы саны	қызметкерлер	Жұмысшы	көп балалы	Отбасы жағдайы		Отбасындағы бала саны					5-6-7 балалы
					жақсы	орташа	төмен	1 балалы	2 балалы	3 балалы	4 балалы	
2017-2018 о.ж	50	5	39	6	48	2	-	13	10	10	9	8
2018-2019 о.ж	45	10	27	8	40	5	-	8	12	9	10	6
2019-2020 о.ж	42	9	24	9	38	4	-	5	11	17	5	4
2020-2021 о.ж	40	8	25	7	37	3	-	4	14	11	6	5
2021-2022 о.ж	35	9	17	9	35	-	-	3	6	4	7	15

3. Білікті қызметкерлердің болуы:

3.1.Штаттық кестеге сәйкес білім беру ұйымының педагогтармен қамтамасыз етілуі.

3.2.Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәлімет

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығына негізделіп ,педагогтер лауазымының атаулары бөбекжай-бақшасының штат кестесінде осы сипаттамада көрсетілген лауазымдық атауларға сәйкес келеді. Мамандардың лауазымдық міндеттер мен білім талаптарына (менгеруші,әдіскер,педагог-психолог, 4-тәрбиеші,музыка жетекшісі) лауазымдары бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қызметтің барлық саласына арналған жалпы біліктілік сипаттамасының негізінде сәйкес келетіндігі анықталды.Жоғарыда көрсетілген штаттық кестеге сәйкес педагог мамандармен қамтылған.

3.3. Біліктілік арттыру курснан өткен педагогтар туралы мәлімет (2017-2021-2022, 5оқу жылы бойынша): Бөбекжай-бақшасының педагогтары білім беру мен тәрбиелеу арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуді үздіксіз жүзеге асыру мақсатында, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге мүмкіндік беретін аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысанында біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігі қамтамасыз етілген.

№	Педагогтың аты жөні	қызметі	Курстан өткен жылы	Курс тақырыбы	Курс өткен мекеме
1	Омарова Мейрамгүл Бактығалиқызы	менгеруші	21.06-02.07.2021 ж	«Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың тиімді менеджменті» «Мектепке дейінгі ұйым басшыларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қалалық филиалы .80с
2	Жами Қымбат Бактығалиқызы	тәрбиеші	14.10- 25.10.2019ж	Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»АҚ Ақтөбе. 72 с
			21.06- 02.07.2021ж	Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізгі ретінде заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»АҚ Ақтөбе. 72 с
3	Жайыкова Анаргул Асылбековна	тәрбиеші	23.08- 18.10.2021ж	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	«Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қ.филиалы 235 сағат
4	Шойынова Айнур Смагуловна	тәрбиеші	19.10- 04.12.2020ж	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім бағдарламасы	«Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қ.филиалы 235 сағат

3.4. Жас құрамы бойынша:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30 жас	30-40 жас	40-50 жас	51 жастан жоғары
2017-2018	9	3 (44,4%)	4 (44,4%)	1 (11,1%)	1 (11,1%)
2018-2019	7	2(22,2%)	1 (11,1%)	2(22,2%)	1(11,1%)
2019-2020	7	3(37,5%)	3 (33,3%)	-	1 (12,5%)
2020-2021	7	3 (37,5%)	3 (33,3%)	-	1 (12,5%)
2021-2022	6	2 (22,2 %)	1 (11,1%)	2(22,2%)	1 (11,1%)

3.5.Кадрлардың педагогикалық еңбек өтілі бойынша құрамы

Оқу жылы	Педагог қызметкерлердің еңбек өтілі						
	барлығы	3 жылға дейін	3 жылдан-5 жылға дейін	5 жылдан 10 жылға дейін	10 жыл-15 жылға дейін	15 жыл-20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2017-2018	9	3	1	2	1	1	1
2018-2019	7	1	1	2	1	1	1
2019 – 2020	7	2	1	1	-	2	1
2020-2021	7	2	1	-	1	1	2
2021-2022	6	1	-	1	1	-	3

3.6.Біліктілік санаты бойынша педагогтар құрамы:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	модератор	Санаты жоқ
2017-2018	9	-	2	3	-	4
2018-2019	7	-	4	-	-	3
2019-2020	7	-	4	-	-	3

2020-2021	7	-	4	-	-	3
2021-2022	6	-	4	-	-	2

5 оқу жылы бойынша (2017-18;2018-19;2019-20;2020-21;2021-2022 о.ж)біліктілік санаты бар педагог мамандар саны - 4педагог

4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау:

4.1. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативтік-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің арасына талапқа сәйкес үзіліс уақыттар сақталған. Бағаланатын жылдардағы барлық топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің жоғарғы көлемі :

1) **2017-2018** оқу жылының оқу-тәрбие үрдісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысы), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» (өзгерістер енгізу туралы ҚР БЖҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығы) сүйене отырып әр топтың оқу жоспары әзірленген.

ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» бұйрығы негізінде жүзеге асырылды.

Үлгілік бағдарлама мазмұнының іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан.

2) **2018-2019** оқу жылы Мектепке дейінгі ұйымда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізгі ережелерін бекіту туралы 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығын және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1 қосымшасына «1 жасан 6(7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» және 22.06.2016 жылғы №391 бұйрығының 1 қосымшасына сүйене отырып әр топтың оқу жоспары әзірленген. Үлгілік бағдарлама мазмұнының іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан.

3) **2019-2020-** оқу жылы барлық топтарда Қазақстан Республикасы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҰОЖ) сәйкес, Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сүйене отырып әр топтың оқу жоспары әзірленген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес білім беру қызметі жүзеге асырылды. Үлгілік бағдарлама мазмұнының іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан.

4)2020-2021 оқу жылы барлық топтарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына(ҚРБҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрық) сүйене отырып әр топтың оқу жоспары әзірленген.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарына 2020-2021 оқу жылына білім беру процесін ұйымдастыру» туралы нұсқа хатына, «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында 2020-2021 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік ұсынымдарына (2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрық) сәйкес жүзеге асырылды. Үлгілік бағдарлама мазмұнының іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан.

5)2021-2022 оқу жылы топтарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (05.05.2020 жылғы №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына(ҚРБҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар), Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік ұсынымдарына сүйене отырып әр топтың оқу жоспары әзірленді.

4.4. Тәрбиеленушілердің жетістіктері (2017-2018-2019-2020-2021-2022 оқу жылдары) 5 оқу жылдары бойынша:

№	Тәрбиеленушінің аты-жөні	Жетістіктері
1	Қатарбаева Айтолқын	Республикалық « Үркер»зияткерлік марафонының жүлдегері(2017)
2	Сағынов Қасымхан	Республикалық «Үркер»зияткерлік марафонының жүлдегері (2017)
3	Орынбасаров Бекасыл	Республикалық «Үркер»зияткерлік марафонының жүлдегері(2017)

4	Жалғасбай Бал	Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қатысқанына растайтын сертификат(2017)
5	Әбіт Аян	Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қатысқанына растайтын сертификат(2017)
6	Нұғымет Асылым	Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қатысқанына растайтын сертификат(2017)
7	Есқазина Нұрай	Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қатысқанына растайтын сертификат(2017)
8	Қозыбай Айару	Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қатысқанына растайтын сертификат(2017)
9	Қозыбаев Бейбарыс	Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қатысқанына растайтын сертификат(2017)
10	Ермекова Айназ	Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қатысқанына растайтын сертификат(2017)
11	Әбдіхалықов Ислам	Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қатысқанына растайтын сертификат(2017)
12	Ғарифолла Нариман	Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қатысқанына растайтын сертификат(2017)
13	Салауатов Мейірхан	Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қатысқанына растайтын сертификат(2017)
14	Исегали Жұлдызай	Халықаралық «Пони» байқауының жүлдегері .Диплом(2017)
15	Құттымұрат Сұлтан	ZIAT Ғылыми-әдістемелік орталығы Республикалық шығармашылық сайысы Диплом I-орын(2018)
16	Құттымұрат Самира	ZIAT Ғылыми-әдістемелік орталығы Республикалық шығармашылық сайысы Диплом II-орын(2018)
17	Ертілеуова Еркеназ	ZIAT Ғылыми-әдістемелік орталығы Республикалық шығармашылық сайысы Диплом III-орын(2018)
18	Жұмабаева Раяна	ZIAT Ғылыми-әдістемелік орталығы Республикалық шығармашылық сайысы Диплом III-орын(2018)

19	Жалғасбай Бек	«Балбұлақ» Республикалық балалар мен жасөспірімдер сайты шығармашылық байқау «Менің туындым» I-орын Диплом(2019)
20	Құттымұрат Сұлтан	«Алтын ұрпақ» Республикалық «Алғысым шексіз Анама» шығармашылық байқауынан Диплом II орын(2019)
21	Қошқарова Жансая	«Балбұлақ» Республикалық балалар мен жасөспірімдер сайты шығармашылық байқау «Менің отбасым» II-орын Диплом(2019)
22		
23	Құттымұрат Еркеназ	«Балбұлақ» Республикалық балалар мен жасөспірімдер сайты шығармашылық байқау «Менің сүйікті ойыншығым» I-орын Диплом(2019)
24	Сырым Жансезім	«Балбұлақ» Республикалық балалар мен жасөспірімдер сайты шығармашылық байқау «Менің сүйікті ойыншығым» I-орын Диплом(2019)
25	Жалғасбаев Бек	«QAZAQ QOQAM» қоғамдық қоры «Қош келдің, Алтын күз» байқауы I-дәрежелі диплом(2020)
26	Жақсыкелді Роза	«QAZAQ QOQAM» қоғамдық қоры «Қош келдің, Алтын күз» байқауы I-дәрежелі диплом(2020)
27	Айсін Заңғар	«QAZAQ QOQAM» қоғамдық қоры «Қош келдің, Алтын күз» байқауы I-дәрежелі диплом(2020)
